

А. МАНСУРОВ, Д. КАРИМОВА

МУЗЫКА

5-сыныпқа арналған оқулық

Қайта өңделген 6-басылымы

Өзбекстан Халыққа білім беру министрлігі
баспаға ұсынған

Ғафур Ғұлам атындағы
баспа-полиграфия шығармашылық үйі
Ташкент – 2020

UO'K 372.878(075)

KBK 85.31

M24

“Ўзбекистон Республикасының 2002 жылғы оқулықтар байқауының жүлдегері”

Пікір білдірушілер:

Шермат Ярмагов – “Bulbulcha” балалар хорының көркемдік жетекшісі, Өзбекстан халық әртісі, профессор;

Акмал Утаев – Өзбекстан мемлекеттік Консерваториясы құзырындағы Қабілетті балалар академиялық лицейінің дирижёрлік пәнінің аға оқытушысы;

Феруза Файзиева – Ташкент қаласының Учтепа ауданындағы 4-жалпы орта білім беретін мектептің “Музыка мәдениеті” пәнінің оқытушысы;

Гулнара Мусаева – Өзбекконцерт мемлекеттік мекемесінің Ұлттық би және хореография өнерін дамыту бөлімінің бастығы.

Сарапшылер:

Шоира Хакимова – Ташкент қаласының Чиланзар ауданындағы 281-жалпы орта білім беретін мектептің “Музыка мәдениеті” пәнінің мұғалімі.

Васила Гаппарова – Ташкент қаласының Учтепа ауданындағы 203-жалпы орта білім беретін мектептің “Музыка мәдениеті” пәнінің мұғалімі.

Қолындағы “Музыка” оқулығы Республикамыздағы жалпы орта білім беретін мектептердің 5-сынып оқушыларына арналып, Мемлекеттік білім беру стандарты негізінде жасалған. Ондағы теориялық және іс жүзіндік материалдар және күй мен әндер оқушыларды музыка өнерінің көптеген жанрларымен жақынырақ таныстырады. Оларды ұлттық мақтаныш және отансүйгіштік сезімдер негізінде тәрбиелейді.

Мансуров А., Каримова Д.

Музыка: 5-сыныпқа арналған оқулық. Қайта өңделген 6-басылымы. –

Т.: Фафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2020. – 96 б.

Республикалық мақсатты кітап қоры қаражаттары есебінен басылды

UO'K 372.878(075)

KBK 85.31

© Аваз Мансуров, Дилдора Каримова.

© Фафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2020

ISBN 978-9943-6113-1-3

СӨЗ БАСЫ

Қадірлі оқушылар! 5-сынып “Музыка” оқулығындағы тақырыптар арқылы сендер өзбек халық және Еуропа саздық аспаптары, күй мен әндері, би өнері, әлем музыка мәдениетінің інжу-маржандары туралы мәліметке ие боласыздар.

Өзбекстанымызда үлкен жұмыстар амалға асырылып жатыр. Білім беру, спорт, өнер саласы дамыды. Ал елімізге арнап жаратылған жаңа шығармалар, күй мен жырлар бүкіл әлемге қанат жайып, жастарымызды тәуелсіздік рухында тәрбиелеуге қызмет етеді. Сөз жоқ, қолыңдағы оқулық та Отан сезімін жүрегіңе сіңдіріп, музыка туралы білімдеріңді арттыруға қызмет етеді.

Авторлар

... Музыка — адамды сиқырлайды, ізгілікке, мейір-шапағатқа махаббатқа, тәтті армандарға үндейді, жаман жолдан қайтарады, ойландырады, ойнатады, жылатады, күлдіреді.

... Музыка — адамға үміне көмекші, серік.

... Музыка — біздерді адамилыққа бастайтын дауыс.

... Музыканы жарыққа, жанып тұрған шырақтарға ұқсатқан жөн..

Аваз Мансуров

Шартты белгілер:



— Сұрақ және тапсырмалар;



— Сынып фонотекасынан үлгі тыңда



— Музыкалық сауат;



— QR-kod.

I ТОҚСАН

ОРКЕСТРЛЕР ТУРАЛЫ

1–2-сабақ. ОРКЕСТРЛЕР. ӨЗБЕК ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ ОРКЕСТРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҮРЛЕМЕ АСПАПТАР ТОБЫ

Оркестр – әр түрлі аспап орындаушылары топтарынан құралған үлкен ұжым болып, көрсетілген құрам үшін жасалған музыкалық шығарманы орындайды. Бәріміз білетін шағын ансамбльдерден айырмашылығы, оларда аспап таорында ушылардың саны көп болады да бірнеше топтан құралады. Оркестрлер аспаптардың құрамдық түзілісіне қарай түрліше болады:

Симфониялық оркестр, үрлемелі аспаптар оркестрі, ішекті аспаптар оркестрі, эстрада оркестрі, өзбек халық аспаптар оркестрі соларға жатады.

Айта кеткен жөн, барша халықтардың даөздерінің аспаптарынан құралған оркестрі болуы мүмкін. Атап өтілген оркестрлерден тыс құрамы кемеітірілген камералық (шағын) оркестрлер де кездеседі.

Көп дәуірлерден бері халқымыз арасында кең таралған саздық аспаптарымыздан 1936 жылда алғашқы халық аспаптары оркестрі құрылған. Аспаптарымыздан кей-біреулері темпeрацияландырылып (яғни, бірдей сазға жақындастырылып), үлкен-кіші түрлері жасалды. Бұларға үлкенді-кішілі най, ғиж-жактар, чангдар, рубабтар, дутарларды енгізу мүмкін.

Мұндай оркестрге арнап Өзбекстан композиторлары жаңа шығармалар жазды, халық күйлерін қайта өңдеді, әлем классикалық композиторларының шығармаларын сәйкестендірді.

Кішкене
най



Қоснай



Сурнай



Най



Керней



Сынып фонотекасынан “Өзбектің халық аспаптар оркестрінің” орындауында Сайфи Жалилдің “Qal-bimda” күйін және Фархад Алимовтың “Ohista” күйлерін тыңда



ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТИК ӘНҲАРАНИ



Абдулла Арипов сөзі

Мутал Бурханов музыкасы

Салтанатты

f

1. Ser- qu - yosh, hur o'l - kam, el-

ff

ga baxt, na - jot, Sen o' - zing do'st-lar - ga yo'l-dosh, meh-ri-

p

bon! Meh-ri - bon! Yash - na - gay to a-bad il-

f

mu fan, i - jod, Shuh-ra-ting por - la - sin to-ki bor ja-

Қайырмасы:

hon! Ol - tin bu vo - diy - lar - jon O'z-be - kis-

ff

f

ton, Aj - dod -lar mar-do - na ru - hi sen-ga yor! U - lug'

ff *f* *mf*

xalq qud - ra-ti jo'sh ur - gan za-mon, O-lam - ni mah - li-yo ay - la-

1.
gan di - yor! 2. Bag' - ri

2.
gan di - yor!

Serquyosh, hur o'lkam, elga baxt, najot,
Sen o'zing do'stlarga yo'ldosh, mehribon!
Yashnagay to abad ilm-u fan, ijod,
Shuhrating porlasin toki bor jahon!

Қайырмасы:

Oltin bu vodiylar – jon O'zbekiston,
Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
Ulug' xalq qudrati jo'sh urgan zamon,
Olamni mahliyo aylagan diyor!

Bag'ri keng O'zbekning o'chmas iymoni,
Erkin, yosh avlodlar senga zo'r qanot!
Istiqlol mash'ali, tinchlik posboni,
Haqsevar, ona yurt, mangu bo'l obod!

Қайырмасы:



Oltin bu vodiylar – jon O'zbekiston
Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
Ulug' xalq qudrati jo'sh urgan zamon,
Olamni mahliyo aylagan diyor!



САЗДЫҚ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАСАЛУЫ

Дыбыстар табиғатта екі түрлі болады: шуыл дыбыстар және сазды дыбыстар. Денелердің соғылуы немесе сазды аспап орындауы себебінен әуеде толқындану пайда болып, айнала-төңірекке дыбыстар таралады. Олар анық биіктікке ие дыбыстар және биіктігі белгісіз дыбыстар болып бөлінеді.

Сазды дыбыстар жоғары-төмендігі, ұзынды-қысқалығы, тембрі және күшімен бір-бірінен өзгешеленеді. XI ғасырдан бастап бүкіл дүниеге сазды дыбыстар сатыларының аталуы – ДО, РЕ, МИ, ФА, СОЛЬ, ЛЯ, СИ болып тарап кеткен. Пианино пернелерінің бөлегінде және нота қатарында көрінісі төмендегіше:



?! Сұрақ және тапсырмалар

1. Оркестр деген не және оның қандай түрлері болады?
2. Алғашқы өзбек халық аспаптар оркестрі қашан құрылған?
3. Өзбек халық аспаптар оркестрі неше топтан құралған?
4. Үрлемелі аспаптар тобына қай аспаптар кіреді?
5. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік әнұранын шырқап, авторларына қысқаша сипаттама жаса.
6. Сазды дыбыстардың жасалуы жайлы нелерді білесің?

3-сабақ. ӨЗБЕК ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ ОРКЕСТРИНІҢ ІШЕКТИ-СОҚПАЛЫ ЖӘНЕ ШЕРТПЕ АСПАПТАР ТОБЫ

Өзбек халық аспаптар оркестрінің ішекті-соқпалы және шертпелі аспаптар топтары партитураға үрлемелі аспаптар тобынан соң төмендегі нота қатарларын біріктіріп орналастырылады.

Ішекті-соқпалы аспаптар тобына I және II чангдар кіреді, бөлек қатарларға жазылады.

Атап өтілген топтар, аспаптар жеке және бірге негізгі күйді орындауымен қатар, серік (2-дәрежелі) күй жолдары мен тәсіл-гармония көріністерінде сүйемелдеулері мүмкін.

Шертпелі (тырнап тартатын) және шертпе ішекті аспаптар тобы ең үлкен топ болып есептеледі. Оған прима рубабтары,





қашқар рубабтары, ауған рубабтары, дутарлар, дутар-бастар, дутар-контрабастар жатады және жеке қатарларға жазылады.



Сынып фонотекасынан “Өзбектің халық аспап-тар оркестрінің” орындауында Фархад Али-мовтың “Konsert”інен 3-бөлімін тыңда.



AZIZ USTOZLAR

Толқын өлеңі

Сабыр Бабаев музыкасы

Жұмсақ



Do- im a- ziz hur-ma-tin- giz, U- nut-may-miz

Қ а й ы р м а с ы:



meh-na-tin-giz. Jo-na-jon-lar, meh-ri-bon-lar, a - ziz, a - ziz

1.3. 2.4.

us - toz - lar, us - toz - lar. Bo - shi - miz-ni

si - la- din-giz, Biz - ga oq yo'l ti - la- din - giz.

Jo - na - jon - lar, meh - ri - bon - lar,

1.3. 2.4.

A - ziz us - toz - lar, lar.

Doim aziz hurmatingiz,
Unutmaymiz mehnatingiz.

Қайырмасы:

Jonajonlar, mehribonlar,
Aziz ustozlar.

Boshimizni siladingiz,
Bizga oq yo'l tiladingiz.

Қайырмасы

Sizlar bizning baxtimizsiz,
Dillardagi ahdimizsiz.

Қайырмасы

Sizga izzat, sizga hurmat,
Yosh qalblarda bo'ling har vaqt.



МУЗЫКАДА КІЛТТЕР

Музыкада 10 кілт бар. Олар аспап саздары мен адам даусының шырқау биіктігін нотаға түсіруде немесе орындауда үлкен қолайлықтар туғызады. Кең таралған, барша білуі керек болған кілттер 2-еу – **Skripka** кілті және **Bas** кілті.

Скрипка кілті 1-октавада “соль” нотасын көрсетеді:



?! Сұрақ және тапсырмалар

1. Өзбек халық аспаптары оркестрінің ішекті-соқпалы және шертпелі аспабын тап?



1.



2.



3.

2. Фархад Алимовтың “Konsert”ін немесе Ахмет Жұбановтың “Би күйінен” есіңде қалған бір әуенін салып бер.
3. Музыкада неше кілт бар? Кең тарағандары қайсылар?
4. “Aziz ustozlar” әнін бірге шырқап, жақсы үйреніп ал.

4-сабақ. ӨЗБЕК ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ ОРКЕСТРИНІҢ ІШЕКТИ-ЫСҚЫШТЫ АСПАПТАР ТОБЫ

Өзбек халық аспаптары оркестрінің ішекті-ысқышты аспаптар тобына I, II Фижжактар, Фижжак – алттар, Қобыз – бастар, Қобыз – контрабастар кірген және олар 5 нота сызығына орналасып, партитураның ең төменгі бөлімінен орын алған. Атап өтілген аспаптар шығарманың негізгі күй-әуенін орындаумен бірге серіктес әуендер мен тәсіл-гармония көріністерінде сүйемелдеулері де мүмкін.



Сынып фонотекасынан Фархад Алимовтың
“Shodiyona” шығармасын тыңда.






НОТАЛАРДЫҢ БАС КІЛТІНДЕ ОРНАЛАСУЫ

Бас кілті октавадағы “fa” нотасын көрсетеді:



Жоғары дыбыстардың шығуы скрипка кілтінде, төмен дыбыстардың шығуы бас кілтінде жазылады:



?! Сұрақ және тапсырмалар

1. Өзбек халық аспаптар оркестрі қандай ұжым?
2. Өзбек халық аспаптар оркестрінің ішекті-ысқышты аспаптар тобына қандай саздар енгізілген?
3. Бас кілті қайсы октавадағы “fa” нотасын көрсетеді?
4. Бас кілті қалай жазылады?

5-сабақ. ӨЗБЕК ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ ОРКЕСТРІНІҢ СОҚПАЛЫ АСПАПТАР ТОБЫ

Өзбек халық аспаптар оркестрінің соқпалы аспаптар тобында дойра, нағара, қайрақ, сафайыл сияқты өзбек халық аспап саздарымен бірге Еуропа саздары – литавралар, барабан, төрелке сияқтыларды да кездестіру мүмкін.

Композиторлар мен оркестр үшін аспаптандыратын мамандар партитурасы жазылып жатқан шығарма сипатына, көрінісіне қарап соқпалы аспаптарды таңдайды. Мысалы: тойды көрсететін шығармаларда нағара, әндерде дойра, хорезмше биде қайрақ, ұйғырша күйде сафайыл қолданылса жөні келіседі. Еуропа аспаптары да шырқалып жатқан музыканы байыта түседі.



**1. Дойра. 2. Қайрақ. 3. Нағара.
4. Сафайыл.**



Сынып фонотекасынан Өзбек халық аспаптар оркестрінің орындауында Аваз Мансуровтың “Yangra doyra, jarangla!” шығармасын тыңда.





OLTIN KUZ QO'SHIG'I

Нармурад Нарзуллаев олеңі

Аваз Мансуров музыкасы

Көңілді

1. Ko'r-kam o'l-kam sha - mo - li, Shod-lik-dan quv - nar yu-
rak. E - sar me - zon sha - mo - li,
Kuz - dan be - rib u da - rak. Kuz - dan be - rib u da - rak.
Til - lo rang - li yap - roq - lar
Yer - ga qa - lin to' - ki - lar. Qay - nar ti - niq
bu - loq - lar, Qalb - da or - zum u - sha - lar. Ol - tin ku -
zim, ol - tin kuz, Xush ke - lib - san o'l -

kam - ga. Baxt qu- yo - shi cha- raq - lab,
Of - tob teg - di yel-kam - ga, of- tob teg - di
yel - kam - ga. Xush ke - lib - san,
ol - tin kuz ...

2. Bog'da ter to'kar bog'bon,
Hosilini teradi.
Dalada bobodehqon
G'allasini o'radi.

To'kin bo'lsa dasturxon,
Kuy-qo'shiq ham yarashar.
Bulbullar sho'x g'azalxon,
Tinch bo'stonda sayrashar.

Қайырмасы:






МУЗЫКАДА ЛАД ПЕН ТОНАЛЬДІК ҰҒЫМДАРЫ

Саздық дыбыстар әр түрлі биіктік-төмендікке ие екендігін біліп алғансың. **Лад** деп дыбысқатар сатыларының өзара белгілі бір қатысы айтылады.

Музыкада халық ладтарымен бірге **“Мажор”** және **“Минор”** деп аталатын ладтар кең таралған. Олар түрліше сипаттарға ие. Егер мажор лады біраз күшті, анық және көтеріңкі көңіл күйде болса, минор лады, керісінше, нәзік, жұмсақ және мұңды үн береді. **Лад** сазды шығарма характерін белгілеуде де маңызды құрал болыптабылады.




Түзілістері: **Мажор** – 1 тон, 1 тон, 1/2 тон, 1, 1, 1, 1/2 тон

Минор – 1 тон, 1/2 тон, 1, 1, 1/2, 1, 1 тон

Айыра білу, негізінен, I–III басқыштардың аралық тондары жиынтығына қарап белгіленеді: мажорда – екі тон, минорда – бір жарым тон.

Тональдік деп мажор немесе минор ладының анық бір нотадан түзілуін айтады. Мысалы: до – мажор, ля – минор, соль – мажор, ми – минор және тағы басқалар.

Соль мажор



ми минор



?! Сұрақтар және тапсырмалар

1. Соқпалы аспаптар тобына қайсы аспаптар жатады?
2. Аваз Мансуровтың “Yangra doyra, jarangla!” увертюрасынан есіңде қалған бір әуенді салып бер.
3. Музыкада лад пен тональдік дегенде нені түсінесің?
4. “Oltin kuz” әнін бірге шырқап, жақсылап үйреніп ал.

6-сабақ. СИМФОНИЯЛЫҚ ОРКЕСТР ЖӘНЕ ОНЫҢ ІШЕКТІ-ЫСҚЫШТЫ АСПАПТАР ТОБЫ

Симфониялық оркестр – оркестрдің түрлері ішінде бүкіл дүниеге кең тарағандығымен баршаға аян. Оның құрамына енетін аспаптар мен орындаушылық бағыттары негізінен XVIII ғасырда қалыптасқан. Неміс композиторы – Й.Гайдн, В.Моцарт, Людвиг Ван Бетховен, орыс композиторы Пётр Ильич Чайковский, өзбек композиторы Мирсадық Тажиевтер симфониялық оркестр үшін жоғары шығармашылық үлгілерін жасап, симфония, концерт, поэма, увертюра сияқты жанрлардағы шығармаларды жазып қалдырды. Бұл оркестр үшін көптеп жаңа ұрпақ композиторлары да өнегелі шығармалар шығарып келеді.

Симфониялық оркестрде аспаптар 4 топқа бөлінеді және партитурада жоғарыдан төменге мынадай орналасады:

- ағаш үрлемелі аспаптар;
- мыс үрлемелі аспаптар;
- ұрмалы-соқпалы аспаптар;
- ішекті-ысқышты аспаптар.

Ішекті-ысқышты аспаптар тобы – оркестрдің ең негізгі тобы болып есептеледі. Бұл топқа I, II скрипкалар, алт, виолончель, контрабастар кіреді және олар 5 нота қатарларына орналасып, партитуралардың ең төменгі бөлігінен орын алған. Атап өтілген аспаптар шығарманың негізгі күй жолдарын орындаумен бірге серік әуендер мен әдіс-гармония көріністерінде сүйемелдеулері де мүмкін.



Сынып фонотекасынан В. Моцарттың “40-sim-foniya”сын тыңда.





Скрипка



Алт



Виолончель



Контрабас





МУЗЫКАДА ДИНАМИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕР

Күй-әуеннің, әндердің орындалуы жағымды болуы немесе әлдебір музыкалы бейне әсерін байытып, тыңдаушыларға есіттіру үшін музыкада динамикалық белгілер қолданылады. Дыбыс қалай кеңейтірілуін көрсететін, итальяншадан алынған бұл белгілердің аталуы мен мағынасын бүкіл дүние музыкалары бірдей түсінеді.

*Қадірлі оқушылар! Алдыңғы сыныптарда динамикалық белгілерден **p**, **f** мен танысқан едіңдер, ал енді осы белгілерден қалғандарын үйренеміз.*

Динамикалық белгілер төмендегідей жазылады және айтылады:

p (piano) – күшсіз, жай;

pp (pianissimo) – өте күшсіз;

mp (metso piano) – күшсіздеу;

f (forte) – күшті, қатты;

ff (fortissimo) – өте күшті;

mf (metse forte) – күштірек;

 (crishchendo) – күшейте түсу, қысқа итальянша жазылуы - “креск”;

 (diminuendo) – күшсіздендіре түсу, қысқа итальянша жазылуы – “dim”.

?! Сұрақ және тапсырмалар

1. Симфониялық оркестр және оның құрамына кіретін аспап топтары туралы айтып бер.
2. Симфониялық оркестр үшін жазылатын шығармалар жанрларын білесің бе?
3. Қайсы композиторлар симфониялық оркестр үшін жоғары шығармашылық үлгілерін жасаған?
4. Ішекті-ысқышты аспаптар тобы қайсы аспаптардан құралған?
5. “Oltin kuz” әнін мәнерлеп шырқап бер.
6. Музыкада кездесетін қандай динамикалық белгілерді білесің?

7-8-сабақ. СИМФОНИЯЛЫҚ ОРКЕСТРДІҢ АҒАШ ЖӘНЕ МЫС ҮРЛЕМЕЛІ АСПАПТАР ТОБЫ

Дүниеде үрлеп орындалатын аспаптардың түрі көп. Симфониялық оркестрге енгізілген мұндай аспаптар екі түрге – **ағаш** және **мысты** үрлемелі аспаптарға бөлінеді.

Ағаш үрлемелі аспаптар тобына флейталар, гобойлар, кларнеттер және фаготтар кіреді. Бұл топ орындалуы үшін музыка партитураның ең жоғарыдағы нота жолдарына жазылады.

Мыс үрлемелі аспаптар тобына валторналар (көбінесе 4), трубалар (2), тромбандар (3) және туба (1) кіреді.



Сынып фонотекасынан Т. Мендельсонның “То‘у марши”н тыңда.



Флейта



Гобой



Кларнет



Фагот



Труба



Туба



Тромбон



Валторна



BOLALARNING KO‘ZLARI

Қамбар Ата өлеңі

Мухаммад Атажанов музыкасы

Allegro

Dun - yo - da eng sof, ti - niq,

Nur - lar ich - ra eng yo - niq. Ko' - rar rav -

shan va a - niq, Bo - la - lar - ning

ko'z - la - ri. Is - siq - dir yul - duz - la - ri,

Naqsh ol - ma-day yuz - la - ri.

Yol - g'on ayt - mas so'z - lar - ni

Bo - la - lar - ning ko'z - la - ri,

Bo - la - lar - ning

ko'z - la - ri.

Dunyoda eng sof, tiniq,
Nurlar ichra eng yoniq.
Ko'rar ravshan va aniq,
Bolalarning ko'zlari.

Қайырмасы:

Issiqdir yulduzlari,
Naqsh olmaday yuzlari.
Yolg'on aytmas so'zlarni
Bolalarning ko'zlari.

Tinchlik bo'lsin mustahkam,
G'am ko'rmasin biron dam.
Yashnab kulsin chinakam
Bolalarning ko'zlari.

Қайырмасы

Issiqdir yulduzlari,
Naqsh olmaday yuzlari.
Yolg'on aytmas so'zlarni
Bolalarning ko'zlari.

Vatanim deb charaqlar,
Xalq baxtidan yaraqlar.
Doim do'stni so'roqlar
Bolalarning ko'zlari.

Қайырмасы

Issiqdir yulduzlari,
Naqsh olmaday yuzlari.
Yolg'on aytmas so'zlari
Bolalarning ko'zlari.



НОТА СОЗЫЛИМДАРЫН ҰЗАРТАТЫН БЕЛГІЛЕР

Нүктелі нота

Әуендер түрліше шығуы үшін композиторлар төмендегі кейбір ноталар созылымдығын “нүктелер” көмегімен ұзартады.

Нүктелердің (.) көмегімен нота тең жартысына ұзарады; түсінікті болу үшін сандармен де көрсетуге болады;

○ (4 ширек) — ○. (6 ширек) = $4+2=6$

♪ (2 ширек) — ♪. (3 ширек) = $2+1=3$

♪ (1 ширек) — ♪. (3 сегізден бір) = $1+0,5 = 1,5$

$$\text{♪.} = \text{♪} + \text{♪} = \text{♪—♪}$$

$$\text{♪.} = \text{♪} + \text{♪} = \text{♪—♪}$$

?! Сұрақ және тапсырмалар

1. Симфониялық оркестр құрамына кіретін ағаш және мыс үрмелі аспаптар топтарына қайсы саздар кіреді?
2. Т. Мендельсонның “То‘у marshi”нан тыңдалған үзіндіде қандай үрлемелі аспаптардың үні жаңғарады?
3. Нүктелі нота деген не?

9-сабақ. СИМФОНИЯЛЫҚ ОРКЕСТРДІҢ СОҚПАЛЫ АСПАПТАР ТОБЫ

Симфониялық оркестрдің соқпалы аспаптар тобына 20 дан астам бүкіл әлемге тараған үрмелі-соқпалы аспаптар кіреді. Бірақ литавралар, барабан, төрелке сияқты аспаптар көп қолданылады.

Симфониялық оркестрге жазылған музыка шығармасы өзбекше күй шығаруы үшін Өзбекстан композиторлары нағара мен дойралардан шебер пайдаланады. Мұндай әуендерде өзгеше шаттық бар.



Барабандар



Төрелкелер



Литавралар



Сынып фонотекасынан А. Мансуровтың “Navro‘z bayramiga!” увертюрасын тыңда.



CHUMOLI

Р. Исхаков өлеңі

Алишер Расулов музыкасы

Ойнақы, көңілді

Chu-mo - li, chu - mo - li - Char-chash ni - ma bil - may - di.

Chu-mo - li, chu-mo - li - Meh-nat qi-lib tin - may - di.

Don yi - g'ib tol - mas ish - dan - Chu-mo - li, chu-mo - li.

Muh-toj bo'l-may-di qish-da - Chu-mo-li, chu-mo-li. Hur-mat-la-shar

bir - bi - rin, Ha-lol-lik no - ni shi - rin.

Қайырмасы:

Chumoli, chumoli –
 Charchash nima bilmaydi.
 Chumoli, chumoli –
 Mehnat qilib tinmaydi.
 Don yig'ib tolmas ishdan –
 Chumoli, chumoli.
 Muhtoj bo'lmaydi qishda –
 Chumoli, chumoli.
 Hurmatlashar bir-birin,
 Halollik noni shirin.

Ish zavqin sezar bari –
 Chumoli, chumoli.
 Birlashib o'zar bari –
 Chumoli, chumoli.
 Hurmatlashar bir-birin,
 Halollik noni shirin.





ЛИГА

Лига да нота созылымдарын ұзайтатын белгілерге жатады. Оның көмегімен нота созымдылығын қанша болса да ұзайтуға болады.



Мұндай жағдайларда нота дыбысын 1 тыныста шырқау немесе бір аспапта үздіксіз орындап тұру керек.

?! Сұрақ және тапсырмалар

1. Симфониялық оркестрдің соқпалы аспаптар тобына қайсы аспаптар кіреді? Ең көп қолданылатыны қайсылар?
2. Симфониялық музыка өзбектене түсіпкүй шығаруы үшін қайсы ұлттық аспаптардан пайдаланылады?
3. Аваз Мансуровтың “Navro‘z bayramiga!” увертюрасын тыңдап, алған әсерлеріңді айтып бер.
4. “Chumoli” әнінің авторлары кімдер?
5. “Liga” дегенде нені түсінесің?

ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР I-ТОҚСАН

1. Өзбек халық аспаптары оркестрінің соқпалы аспаптар тобын тап.



a)



b)



d)

2. Симфониялық оркестрдің ағаш үрleme аспабын тап.



a)



b)




d)


3. Бас кілтіндегі До нотасын анықта.



a)



b)



d)

4. Скрипка кілтіндегі До нотасын анықта.



a)



b)



d)

5. Динамикалық белгілердің аттарын анықта.



II ТОҚСАН

ХОР ӨНЕРІ. МУЗЫКАДА ВОКАЛЬДЫҚ-СИМФОНИЯЛЫҚ ЖАНРЛАР

1–2-сабақ. ХОР ӨНЕРІ. ХОР ҰЖЫМДАРЫНЫҢ ТҮЗІЛІСІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Музыка мәдениетінде хор өнері үлкен маңызға ие. **Хор – көп дауыста шырқайтын үлкен ұжым.** Хор сөзін екі түрлі мағынада түсіну мүмкін. Біріншісі – шырқайтын ұжым болса, екіншісі – хор ұжымының орындауына болжамдап жазылған музыка туындысы. Хорға қатысушылардың саны 20–30 дан бастап, кей жағдайларда 1000 және одан артық адам болуы да мүмкін. Аспаптар орындауында көп дауысты музыканы тыңдағанымыздай, хор арқылы да екі, үш және одан артық дауысты туындыларды шырқауға және тыңдауға үйренгенбіз.

Хор ұжымдары да ережелерге сәйкес бірнеше түрлерге бөлінеді. Тек балалардан түзілген хор — *балалар хоры*, әйел-қыздардан түзілген хор – *әйел-қыздар хоры*, ер адамдардан құралған хор – *ерлер хоры* деп аталады. Ерлер мен әйел-қыздардан түзілген хор аралас хор деп аталады. Балалар хоры аралас хорда да қатысуы мүмкін.

Хорда 4 түрлі дауыс бар: балаларға және әйел-қыздарға тән болған дауыс – **soprano** және **alt** дейіледі. Еркектерге тән болған дауыс – **tenor** және **bas** дейіледі. Атап өтілген дауыстардағы әрбір шырқаушы өз міндетін түсінген күйде дұрыс орындағанда ғана хордың жетік, жағымды және көркем бейнелі естілуіне мүмкіндік жасалады.

Хорға қатысушылардың санына қарай **камералық хор, үлкен хор, құрама хор** деп аталады.

Хор ұжымдары хор шығармасын оркестр немесе аспаптар сүйемелдеуімен орындайды. Аспаптар

сүйемелдеуінсіз, тек өз дауыстарымен шырқайтын хор ұжымы **capella** дейіледі. Капелла орындауына арнап жазылған хор шығармасы **a'capella** деп аталады.

Хор ұжымының сахнада өзін ұстау тәртібі:

Сахнада шуламай алдымен 1-қатар шығып тұрып алады, одан кейін қалған қатарлар жайғасады.

Сахнадан шығып кетіп жатқанда 1-қатар бір адым алға шығып, қалған қатарлардың тәртіппен шығып кетуін күтіп тұрады. Бұл тәртіп сахна мәдениетіне кіреді.



Сынып фонотекасынан Наира Шарафиеваның "Childirma chola" әнін тыңда.



YOMG'IR YOG'ALQQ

Ф. Шоисмоил өлеңі

Б. Умиджанов музыкасы

Allegretto *f*

Yom-g'ir yog', yo-g'a - qol

p

La-la-la-la-la, la - la - la-la-la, la - la - la-la-la, la - la - la-la-la,

chaq-mo-g'ing-ni cha-qa qol. La - la-la - la-la, la - la,

f

La - la - la-la-la, la - la - la-la-la, Qo'-zi - qo - rin to'p-to'p-to'p,

La - la-la - la-la, la - la. Biz te-ray-lik ko'p-ko'p-ko'p.

Yer-ga tush-sin os - mon-dan. Biz te-ray-lik ko'p-ko'p-ko'p.

Yom-g'ir yog' yo - g'a qol, da - la, qir-ga o - qa-qol.

La - la - la - la - la, la - la - la - la - la, la - la - la - la - la, la

O't ko'-kar-sin mo'l - mo'l, o-chi-la-qol - sin-tez-tez chuchmomayu

la - la - la. la - la - la - la - la - la. Chuchmomayu

qo-qi-gul chuch-mo-ma-yu qo-qi-gul, la-la-la-la-la la-la-la-gul...

qo-qi-gul chuch-mo-ma-yu qo-qi-gul, chuch - mo - ma - gul

f yom-g'ir yog' yo-g'a - qol

p La - la - la-la-la, la - la - la-la-la, la - la - la-la-la, la - la - la-la-la,

p Sut-su-ving - ni so-g'a - qol. la - la - la-la-la, la - la

f La - la - la-la-la, la - la-la-la-la, ko'-kar - sin bug'-do-yi-miz,

Meno mosso

f la - la - la-la-la, la - la. Non pi-shir - sin o - yi - miz

f biz-ga katta-kon kul - cha. Non pi-shir - sin o - yi - miz

mf yom-g'ir yog', yo-g'a-qol, yo-g'a-qol !

gliss. gliss. 3 3

gliss. gliss. 3 3

Yom-g'ir yog', yo-g'a-qol !



ФЕРМАТА

Фермата¹ нота және үзілістердің ұзындық мөлшерін 1,5-2 теңдікке дейін созу үшін қолданылатын арнаулы белгі. Ол $\frown$ немесе $\smile$ түрінде болып, нота мен үзілістердің үстіне яки астына қойылады.

Allegretto



Ферматаның ұзындығы шығарманың көркемдік мәні мен жалпы сипатына байланысты болады. Ферматалар өзбек ұлттық үлкен жырларында да көп пайдаланылады.

?! Сұрақ және тапсырмалар

1. Хор дегенде нені түсінесің және қандай хор түрлерін білесің?
2. “Тенор” мен “Бас” дауыстары кімдерге тән?
3. Наира Шарафиеваның “Childirma chola” өнінде қандай дауыстарды тыңдағансың?
4. Фермата дегенде нені түсінесің?

3–4-сабақ. ХОРДЫҢ ОРЫНДАУЫ ҮШІН ХАЛЫҚ ӘНДЕРІН СӘЙКЕСТЕНДІРУ

Кәсіпқой композиторлар хорға арнап арнайы шығармалар жазып, халық әндерін көп дауысты етіп хордың орындауына сәйкестендірген. XX ғасырдың 50-жылдарында-ақ М.Бурхановтың сүйемелдеусіз хорлары өнеге дәрежесінде көзге түскен. Бұл салада оның “Yorlarim”, “Endi sendek”, “Bibigul”, “Sari koi baland” сияқты шығармаларын атап өтуге болады.

Кейін келе М.Бурхановтың қызметін жалғастырып көптеген композиторлар халық әндерін хордың орындауына сәйкестендірді. Атап өтсек, Сабыр Бабаевтың “Chaman ichra”, Икрам Акбаровтың “Qoyilman”, Батыр Умиджановтың “Qilpil-

¹ *ital. fermata* – тоқтау, тоқтап тұру.

lama”, Шермат Ярматовтың “Boycheschak”, “Chittigul”, “Gullola”, Мұстафа Бафаевтың “Mavrigi” сияқты шығармалары бар.



Сынып фонотекасынан Мутал Бурхановтың сүйемелдеусіз хорға сәйкестендірген “Yorlarim” шығармасын тыңда.



BOYCHESNAK

Өзбек халық әні

(Сүйемелдеусіз хорға арналған)



Шермат Ярматов балалар хорына сәйкестендірген

Жанды, ойнақы

p

(Шапалақ)

Bo - la, bo - la, bo - la bo - la,

mf *f*

bo - la, bo - la, bo - la, bo - la bo - la, bo - la, bo - la, bo - la,

bo - la, Boy - che - chak

Boy - che - cha - gim
Boy - che - cha - gim

boy - lon - di, qo - zon to' - la ay - ron - di
hil - lo - li, ham - yon ham - yon til - lo - li

Ay - ro - ning - dan ber - ma - sang, qo - zon to - vo - g'ing
Ham - ma bo - zor bir bo - zor, at - rof - la - ri

mf

vay - ron - di.
lo - la - zor.

Qat - tiq yer - dan qa - ta - lab chiq - qan

p

boy - che - chak,
chak.

Boy-

yum - shoq yer - dan

yu - ma - lab chiq - qan

boy - che - chak.

che - chak,

bo - la, bo - la, bo - la, bo - la

bo - la, bo - la, bo - la, bo - la

boy che-chak,

Boy - che - chak.

3. Boychechakni tutdilar,
Simyog'ochga osdilar,
Qilich bilan chopdilar,
Baxmal bilan yopdilar.

Қ а й ы р м а с ы :

Qattiq yerdan qatalab
chiqqan boychechak,
Yumshoq yerdan yumalab
chiqqan boychechak.



ЫРФАҚ (ТӘСІЛДЕР)

Ырғақ – бұл белгілі бір күй саздық дыбыстарының ұзын-қысқа алмасып тұруы болып табылады. Кез келген күй мен жыр әуенінің өз ырғағы бар. Мысалы, барлығымыз жақсы білетін “Chamandagul” халық жырының ырғағы төмендегідей:



Өзбек күй мен билерінің, әсіресе, дойрамыздың тәсілдері саналуан және күрделі болып табылады..

?! Сұрақ және тапсырмалар

1. Халық әндерін хорға сәйкестендірген қайсы композиторларды білесің? Шығармаларын атап бер.
2. Берілген тапсырмалардағы өлшемді айт..



3. “Boychechak” әнін кім хорға сәйкестендірген?

5-сабақ. МУЗЫКАДА ВОКАЛДЫҚ-СИМФОНИЯЛЫҚ ЖАНРЛАР

Музыка өнерінде жанрлардың көп екені белгілі және атап бере аласың. **Вокалдық-симфониялық** жанрлар да кең таралған.

“Вокал-симфониялық” дегенде нені түсінуіміз керек?

“Вокал” – бұл ән айтуды білдірсе, “симфониялық” дегені – симфониялық оркестр сүйемелдейтінін білдіреді. Әнді жеке әнші де, хор да айтуы мүмкін. Бұндай көріністе жасалып, орындалатын шығармалардың жанрларын анық белгілеу мүмкін. Бұлар вокалдық-симфониялық сюита, поэма, ода, кантата немесе ораторияларға бөлінеді.



Сынып фонотекасынан М. Бафаевтың “*Vuxoroyi sharif*” теле-опера дастанынан үзінділер тыңда.



O‘ZBEKISTONIM

Ф. Шоисмоил өлеңі

Ш. Рамазанов әні

Марш

1. Ko'r-kam di- yor - san, bag'-ri ba- hor - san,
Keng pax- ta - zor - san, gul - la- gin, O'z-be - kis - to-
nim! Jo - ney, keng pax- ta - zor - san, gul - la - gin,
Naqarot :
O'z-be - kis - to - nim! Pax-tang ka - bi oq,



iq- bo - ling por - loq, pax-tang ka - bi oq,
 iq- bo - ling por - loq, Sharq uz- ra ma- yoq, pax-ta- kor,
 O'z - be - kis - to - nim! Sharq uz - ra ma-
 yoq, pax- ta- kor, O'z - be - kis - to - nim! Jon,
 O'z - be - kis - to - nim. O'z-be - kis - to - nim!

Tog'laringda kon –
 Ma'danga makon,
 Senga fido jon,
 Gullagin, O'zbekistonim!

Sen ona yurtim,
 Durdona yurtim,
 Mardona yurtim –
 Gullagin, O'zbekistonim!

Қайырмасы:

Paxtang kabi oq,
 Iqboling porloq,
 Sharq uzra mayoq,
 Paxtakor, O'zbekistonim!





ПАРТИТУРАЛАР МЕН КЛАВИРЛЕР

Кез келген музыка әуені шығарма ретінде нотағатүсірілген күйде, оның көрінісі партитура немесе клавиір қалпында болады.

Партитура – ансамбль, хор, оркестр үшін жазылған шығармалардың нота жазуы. Мұндай ұжымдардың әрбір қатысушысы қосылып орындайтын әуен жолдары, партитурада ережелер бойынша асты-үсті етіп көп қатарлы арнаулы нота дәптеріне жайғастырылған болады.

Ал **клавиір** сол ансамбль, хор, оркестр немесе сахна шығармаларының музыкасын ықшам түрде, дауыс және фортепианоның орындауына арнап жазылған нота көрінісі болып табылады..

Moderato ♩ = 68

Жеке орындаушы *mp*

Soprano *p* O... *p* Xm... *p* xm...

Alto *p* Xm...

Tenor

Bas

?! Сұрақ және тапсырмалар

1. “Вокалдық-симфониялық” жанр деген не?
2. Тыңдаған “*Buxoroyi sharif*” шығармасы сенде қандай әсер қалдырды?
3. Партитурада қандай ережелер бар және қалай жайғастырылады?

6–7-сабақ. ОДА ЖАНРЫ. КАНТАТА ЖӘНЕ ОРАТОРИЯЛАР

Көркем сөз шебері, жеке орындаушылар, хор мен оркестр үшін жазылған шығармаларда бір ұлы бейне дәріптелсе немесе Отанды мадақтап, толқындана шырқалса, оларды **ода** жанрында жазылған, деп белгілеу мүмкін. Композитор мен ақын ынтымақтастықта жасайтын жаңа шығарма либреттосын, яғни тақырыпты толық ашып беретін сөздерді және өлең мәтінін алдын ала келісіп жазып алады. Содан соң композитор бұл либретто негізінде тұтас музыка туындысы – **ода** (мадақ, қошамет) жасауға кіріседі. Одалар көбінше мереке мен салтанаттарда орындалады.

Вокалдық-симфониялық музыка бағытында **кантата** жанры да кең таралған. Бұл жанрда жасалған шығармаларда қазіргі дәуір, жаңа тарихтың маңызды оқиғалары көрсетіледі. Кантаталар салтанатты, лирикалық және эпикалық сипатта жазылып, бірнеше бөлімді болуы мүмкін. Ал аяқталған мағынаға ие бөлімдерін бөлек-бөлек орындаса да болады.

Оратория вокалдық-симфониялық музыканың ең ірі жанры, әдетте, драмалық тақырыпта жазылады. Драмалық оқиғалар сөз және музыкада сезіліп тұрса да, шырқап жатқан жеке орындаушылар және хор сахнада әрекеттенбейді. Ораторияның кантатадан өзгешелігі — оның көлемі жағынан үлкендігі, эпикалық-драмалық сипатта болуы және тақырыбының кеңдігі.



Сынып фонотекасынан Фафур Қадировтың “Maktab-jon – oftobjon” кантатасынан тыңда. М. Бурхановтың А. Ариповтың поэзиялық либреттосына жазған “Alisher Navoiyga qasida” шығармасынан үзінді тыңда.



ОРПОҚ QISH-EY, ОРПОҚ QISH

Полат Момын өлеңі

Анатолий Варелас музыкасы

Жұмсақ, жайлап

Dam ol-moq-da da-la - lar, Keng vo-diy-lar,



da-ra-lar. Fa-s(i)l zav-qi at-rof - ga, qo'-shiq bo'-lib
 ta-ra - lar. Op-poq - qish-ey, op-poq-qish, Eh qor-la-ri
 yum-shoq qish. Cha-na, kon-ki o'y-nat - gan
 Quv-noq qish-ey quv-noq qish. Tar-nov-lar-da
 su-ma - lak, Ko'l-lar oy - na yax-ma-lak.
 Ay-ting, ay-ting bo'l -ma -sin, Hech kim yo'l-da charx-pa
 lak. Op-poq qish-ey, op-poq qish, Eh qor-la-ri
 yum-shoq qish. Cha-na, kon-ki o'y-nat - gan
 Quv - noq qi - shey, quv - noq qish.





Dam olmoqda dalalar,
Keng vodiylar, daralar.
Fasl zavqi atrofga
Qo'shiq bo'lib taralar.

Қайырмасы:

Oppoq qish-ey, oppoq qish,
Eh qorlari yumshoq qish.
Chana, konki o'ynatgan
Quvnoq qish-ey, quvnoq qish.


Tarnovlarda sumalak,
Ko'llar oyna, yaxmalak.
Ayting, ayting, bo'lmasin,
Hech kim yo'lda charxpalak.

Қайырмасы:

 **Фа мажор.**



Ре минор.



?! Сұрақ және тапсырмалар

1. Ода, кантата, оратория жанрлары туралы айтып бер.
2. “Орроқ қіш-еу, орроқ қіш” әнінің авторлары кімдер?
3. Берілген жаттығудың өлшемін анықта.



ПЫСЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

II ТОҚСАН

1. Хорда неше түрлі дауыс бар?

- a) 3 түрлі;
- b) 6 түрлі;
- d) 4 түрлі;
- e) 5 түрлі;

2. “Хор” дегенде нені түсінесің?

- a) музыкашылардан құралған ұжым;
- b) ән шырқайтын ұжым;
- d) музыкашылар мен бишілерден құралған ұжым;
- e) әншілер ұжымы.


3. “Soprano” және “alt” дауыстары кімдерге тән?

- a) еркектерге;
b) әйелдер мен еркектерге;
d) әйел-қыздар немесе балаларға;
e) аралас хорға.


4. XX ғасырдың нешінші жылдарында Мутал Бурхановтың сүйемелдеусіз хорлары үлгі дәрежесінде көзге түскен?

- a) 50-жылдарда;
b) 60-жылдарда;
d) 40-жылдарда;
e) 30-жылдарда.

5. Төмендегі ребусты дыбыс аттарын қойып оқы.



6. Төмендегі жаттығуда “х”-тің орнындағы дыбыс ұзындығын анықта.



7. Ырғақты анықта.



III ТОҚСАН

САХНАЛЫҚ МУЗЫКА ШЫҒАРМАЛАРЫ — БАЛЕТ ПЕН БИ ӨНЕРІ, МУЗЫКАЛЫ ДРАМА ЖӘНЕ КОМЕДИЯ, БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МУЗЫКАЛЫ ЕРТЕГІ-ТАМАШАЛАР

1-сабақ. САХНАЛЫҚ МУЗЫКА ШЫҒАРМАЛАРЫ


Сахналық музыка шығармаларына – опера, балет, музыкалы драма мен комедия, оперетта, балаларға арналған музыкалы ертегілер, музыкалы тамашалар кіреді. Отанымыздың әрбір перзенті жоғарыда аталған жанрларда жазылған таңдаулы шығармаларды білуі, тыңдап, тамашалап, оларды бір-бірінен айыра алуы қажет. Мұндай жанрларда жасалған шығармаларды сахналастыру үшін бүкіл әлемде болғанындай, біздің Республикамызда да арнаулы театр-тамаша орындары бар. Мысалы, Ө. Науаи атындағы Үлкен Академик опера және балет театры, Муқими атындағы Республикалық мемлекеттік музыкалы театры, Оперетта театры, Өзбек және орыс жас көрермендер театрлары, Республикалық қуыршақ театры, облыстық және қалаларымыздағы Мемлекеттік театрлары.




Әлішер Науаи атындағы Үлкен Академик опера және балет театры



Муқими атындағы Республикалық мемлекеттік музыкалық театры



**Әлішер Науаи атындағы
Үлкен Академик опера
және балет театры**



**Муқими атындағы
Республикалық
мемлекеттік музыкалық
театры**



Сынып фонотекасынан П.Чайковскийдің “Oqqush ko‘li” балетінен үзінділер тыңда.



CHEGARACHI QO‘SHIG‘I

Қамбар Ата өлеңі

Аваз Мансуров музыкасы

Allegro



Che-ga-ra-da soq-chi - man,

Qo‘-riq-lay-man Va-tan-



-ni.

Yash-na-sin o-zod za-mon



Gul yash-na-tib ja-hon - ni,

Gul yash-na-tib ja-hon -



ni.

Gul - la - gan O‘z - be - kis - ton



Ka-mo-lim - dan ni - sho - na.

Che-ga-ram-ni har qa-chon



Qo‘-riq-lay - man mar-do - na, Qo‘-riq - lay-man mar-do na.



Qo‘-riq-lay-man mar-do - na.

Tinchlik bag'rida hayot,
Xalqimni deb bedorman.
Orom olar mamlakat,
Kecha-kunduz hushyorman.

Қайырмасы:
Gullagan O'zbekiston
Kamolimdan nishona.
Chegaramni har qachon
Qo'riqlayman mardona.

Na yerdan, na osmondan
Xavf yo'lamas yurtimga.
Sadoqatli posbonman,
Baxt qo'shilar baxtimga.
Қайырмасы



МУЗЫКАДАҒЫ ӨЛШЕМДЕР

Кез келген шырқалып жатқан немесе нотаға түсірілген музыка шығармасының өз өлшемі бар. Өлшемсіз күй болуы мүмкін емес. Ал бұл шығарманың тыңдаушыға ұнауына үлкен көмек береді. Өлшемдердің айтылуы және жазылуы төмендегідей:

Екі ширек – $2/4$
Үш ширек – $3/4$
Төрт ширек – $4/4$
Алтыдан-сегіз – $6/8$, тағы сол сияқты.

Музыкада өлшем цифрлары шығарманың басталуында, кілттер және альтерация белгілерінен соң қойылады.



Сұрақ және тапсырмалар

1. Сахналық музыка шығармаларына қандай тамашалар енеді?
2. Республикамыздағы бар театрларды атап бере аласың ба? Қайсы театрларға барғансың немесе барып тамашалауды қалайсың?
3. Тыңдаған саздық үзінділерің бір-бірінен өзгешелене ме? Айтып бер.
4. "Chegarachi q'o'shig'i"нің авторлары кімдер? Әуенін салып бер.

2-3-сбақ. БАЛЕТ ӨНЕРІ. ӨЗБЕК БАЛЕТІ

Балет – музыка мен би қимылдары арқылы бейнелер, оқиғалар жасайтын өнер. Балет шығармасын драмалық тақырып, би, ым-ишара, нәзік қимылдар, музыка, сахна өшекейлері және киім-кешектер құрайды.

Бүкіл әлемге әйгілі болып келген – “Oqqush ko‘li”, “Qar-sildoq” және “Uyqudagi go‘zal” балеттерін XIX ғасырда жасаған орыс композиторы Пётр Ильич Чайковский жаратқан. Бұл балеттерді біздің халқымыз да жақсы біледі, сүйіп тамашалайды. XX ғасырда жазылған “Гаяне”, “Спартак” (Арам Хачатурян), “Bog‘chasaroy fontani” (Б. Асафиев), “Romeo va Julietta”, “Zolushka” (С. Прокофьев) балеттерін де көпшілік біледі.



Балет өнері Өзбекстанда да дамыған. XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап “Рахта” (Рославец), “Orzu” (И. Акбаров),

“Sevgi tumori” (М. Ашрафи), “Tanavor” (А. Козловский) сияқты балеттер жасалды. 80-жылдарда өзбек композиторы Ұлықбек Мұсаев жазған “Hind dostoni” және “To‘maris”, Аваз Мансуровтың 1 перделі “Sharq afsonasi”, Анвар Эргашевтің “Humo” балеттері ел аузына түсті. Ал 90-жылдарда Мұстафа Бафаев “Ulug‘bek burji” және “Nodira” ұлттық би ансамбль тәсіліндегі балеттерді жаратты.

Балет өнерін барлық халықтар бірдей түсінеді және сүйіп тамашалайды. Бұдан кейін де жоғары үлгіде өзбек балеттері жаратылып, бүкіл әлемге даңқы шығады.



Сынып бейнетекасынан Ұлықбек Мұсаевтың “To‘maris” балетінен үзінділер тамашала немесе фонотекадан Аваз Мансуровтың “Sharq afsonasi” балетінен үзінділер тыңда.



SUMALAK



Тоқтамұрат Бахрамов өлеңі

Шермат Ярматов музыкасы

Жумсақ



Tar-nov-lar - da su-ma-lak, su-ma-lak, su-ma-lak, su - ma-



lak. Suv to-ma-di chak - chak, Chak-chak, chak-chak, chak-chak-



chak. Su- ma - lak ji - lo - la - nar,




Dur yo - g'ar, Of-tob - da til - lo - la-nar,



Nur yo - g'ar.



Аяқтау үшін



Chak - chak, chak - chak, chak - chak - chak!

Tomchilar billur rangda,
Qarang, qarang, qarang-a,
Ko'z yoshin qilmas kada,
Attang, attang, attang-a.

Qishni kuzatsa kerak
Sumalak,
Bahordan berib darak...
Chak-chak, chak-chak,
chak-chak-chak.



ДИРИЖЕРЛІК ӨНЕРІ



Дирижёр – музыкалық шығарманы орындаушы ұжымдарға жетекшілік етуші өнер иесі. Ол музыка саласында терең білімге ие болуы шарт. Дирижёр музыкалық шығарманы жаппай орындалуына дейін орындаушы ұжыммен болған барлық дайындықты жүргізеді. Негізгі орындалу кезінде шығарманың ойналуды жылдамдығының динамикалық күйлері мен орындаушылардың тоқтау немесе орындау кездерін көрсетіп тұрады, ұжымды бірлестіреді, рухтандырады және шығарманың көркем орындалуына әрекет етеді. Дирижёрлік өнер және кәсіп ретінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қалыптасты. Өзбек дирижёрларынан М. Ашрафи, Д. Абдурахманова, З. Хақназаров, Е. Азимов, Ф. Абдурахимованы және хор ұжымдарының дирижёрларына В. Умиджанов, Ш. Ярматов, Ж. Шукуровтарды мысал етіп келтіру мүмкін.

Отанымыздың музыка мәдениетінің өркендеуінде дирижёрлік өнерінің өсу барысы үлкен маңызға ие..



Сұрақ және тапсырмалар

1. Балет деген не?
2. Қандай өзбек балеттерін білесің?
3. “To'maris” балетінің авторы кім?
4. Пётр Чайковский жазған басқа да танымалды балеттердің аттарын білесің бе?
5. “Oqqush ko'li”н тыңдағаныңда саған ұнаған әуенді салып бер.

4–5-сабақ. ӨЗБЕК БИ ӨНЕРІ. ӨЗБЕК БИ МЕКТЕПТЕРІ

Әрбір халықтың ертеден қалыптасып келе жатқан өз би өнері мен сол билерді бейнелейтін күйлері болады. Өзбек халық билері де кең жаппайласқан, нәзік қимылдар және оған жарасқан ұлттық киімдермен көркем бейнелер жасалады.

“Dilxiroj”, “Qari navo”, “Zang”, “Duchava” сияқты би күйлері тартылғанда көз алдымызға анық би қимылдары келеді. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Мұхамеджан Мирзаев, Бахтияр Алиев және басқа композиторлардың жаңа күй-әуендері негізінде өзбек би өнері дамыды. Бұған Мукаррама Тұрғынбаева, Исохор Ақылов, Құндыз Миркаримова, Юлдуз Исматова сияқтылардың сахналастырған билері Өзбекстан би өнерінің алтын қорына енгізілген.



Сынып фонотекасынан М. Мирзаевтің “Bahor valsi” шығармасын және басқа би күйлерін тыңда..



ҚАЗАҚТЫҢ БИ ӨНЕРІ

Би — музыка өнерімен сабақтас халық өнерінің бір түрі. Қазақтың ұлттық би өнері ерте замандардан бастау алып күні бүгінге дейін өркендеп келеді. Би өнері халқымыздың салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілігіне байланысты туындаған.



Мысалы, “Қаражорға”, “Бүркіт биі”, “Киіз басу”, “Ортеке”, “Аққу” және т.б. билері.

Қазақтың ұлттық би өнері 30-жылдары сахналық өнердің бір түрі ретінде тағы да бір сатыға көтерілді. Оның басында жан-жақты өнер иесі, әрі әртіс, әрі ұстаз, асқан шебер биші Шара Жиенқұлова болды. Ол “Қыз Жібек”, “Жалбыр”, “Ер Тарғын” сияқты операларындағы би көріністерін орындап, би өнерінің қалыптасуына көп еңбек сіңірді.



ЭНШІ БАЛАПАН

Өлеңін жазған М. Омаров

Әнін жазған Қ. Қазыбеков

Орта



1. Бі-лім, ғы-лым, ө-нер-ге Қа-нат қа-ғар кез-де-рің, А- та сал-тын



ер-тең-ге Жет-кі зе тін өз- де-рің, Жет-кі-зе-тін өз - де-

Қайырмасы:



рің. Ән - ші, би - ші, ән - ші ба - ла



пан, Ән - ші, жыр - шы, күй- ші ба - ла - пан.



Ән - ші, би - ші, ән - ші ба - ла - пан, Ән - ші,



жыр - шы, күй - ші ба - ла - пан.

2. Даңқын елдің көтерер
Әнмен, күймен өздерің,
Ойың алға жетелер,
Арман құған кездерің.

3. Әділ қазы береді,
Өздеріңе билікті,
Өнерде кім жеңеді,
Алады сол сыйлықты.

Қайырмасы:

Қайырмасы



МУКАРРАМА ТҰРҒЫНБАЕВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ



Өзбекстан халық әртісі, Өзбекстанның атақты бишісі, балетмейстер, жаппайласқан өзбек сахналық биі және “Вахор” би ансамблінің негізін салушы Мукаррама Тұрғынбаева 1913 жыл 31 мамырда Ферғанада туылған. 1929–1933 жылдарда М Тұрғынбаева музыкалы театр-студиясында ұлттық би саласында атақты ұстаз Ұста Олим Камиллов, шебер биші және әртіс Юсуфжан қызық Шакаржановтан, өзбек, Еуропа классикалық биі, сахналық және эстрадалық би өнері бойынша Тамара ханым сияқты ұстаздардан сабақ алған.

